

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

КЕКИЛБЕКОВ ЭЛЬТАЛИП ШАХМАНОВИЧ

Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды
сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейбір проблемалары

7М12301 «Құқық қорғау қызметі» (бейіндік бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға жоба

Ғылыми жетекші:
Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының
Арнайы заң пәндері
кафедрасының профессоры,
Н.Ш. Жемпиисов,
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2024 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік жобада елімізде соңғы жылдары кең таралып отырған Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейбір мәселелері қарастырылады.

Азаматтық заңнамамен цифрлық активтердің (криптовалюталардың) мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке) жатқызылуына байланысты, еліміздің азаматтары оларды сатып алу және сату құқығына ие болды. Бұл қаржылық тұрғыда өте пайдалы, алайда криптовалюталармен жасалынатын қылмыстардың саны да өсуде.

Мұндай қылмыстардың басым көпшілігін ашу және тергеу Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына, заңнамалық реттелуінің болмауы салдарынан біршама қиыншылықтар тудырып отыр. Магистрлагистрлік жобада осы бағыттағы жеке проблемаларды анықтау, оларды шешу жолдарын қарастыру, тиімді тәсілдер мен заңнамаға өзгерістер және толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жайында болмақ.

РЕЗЮМЕ

В магистерском проекте рассматриваются некоторые вопросы досудебного расследования преступлений, совершенных цифровыми активами (криптовалютами), которые получили широкое распространение в стране в последние годы.

В связи с отнесением гражданским законодательством цифровых активов (криптовалют) к имущественным благам и правам (имуществу), граждане страны получили право их покупать и продавать. Это очень выгодно в финансовом отношении, однако, соответственно, растет число преступлений, совершаемых криптовалютами.

В связи с тем, что раскрытие и расследование подавляющего большинства таких преступлений доставляет немало хлопот правоохранительным органам Республики Казахстан, вследствие отсутствия законодательного регулирования. В магистерском проекте речь пойдет об определении отдельных проблем в данном направлении, рассмотрении путей их решения, выработке эффективных подходов и предложений по внесению изменений и дополнений в законодательство.

SUMMARY

The master's project examines some issues of pre-trial investigation of crimes committed by digital assets (cryptocurrencies), which have become widespread in the country in recent years.

Due to the attribution of digital assets (cryptocurrencies) to property benefits and rights (property) by civil legislation, citizens of the country have the right to buy and sell them. This is very financially beneficial, however, accordingly, the number of crimes committed by cryptocurrencies is increasing.

Due to the fact that the disclosure and investigation of the vast majority of such crimes causes a lot of trouble to law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan, due to the lack of legislative regulation. The master's project will focus on identifying individual problems in this area, considering ways to solve them, developing effective approaches and proposals for making changes and additions to legislation.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5 бет.
КІРІСПЕ.....	6-11 бет.
1. ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН (КРИПТОВАЛЮТАЛАРМЕН) ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ	
1.1 Цифрлық активтердің (криптовалюталардың) түсінігі мен мәні.....	12-16 бет.
1.2 Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтерді (криптовалюталарды) құқықтық реттеудің қайнар көздері.....	17-22 бет.
1.3 Шетел мемлекеттерінің цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексерудің ерекшеліктері.....	22-27 бет.
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН (КРИПТОВАЛЮТАЛАРМЕН) ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	
2.1 Цифрлық активтер (криптовалюталар) қылмыстың мәні ретінде....	28-35 бет.
2.2 Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді – цифрлық активтерді (криптовалюталарды) алуды, сақтауды құқықтық реттеу мәселелері...	35-43 бет.
ҚОРЫТЫНДЫ.....	44-46 бет.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	47-50 бет.
ҚОСЫМШАЛАР.....	51-52 бет.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

FATF	Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы The Financial Action Task Force
ICO	Монеталарды бастапқы орналастыру (Криптовалюта) Initial coin offering
IP-мекенжай	бұл Интернеттегі немесе жергілікті желідегі құрылғыны анықтайтын бірегей мекенжай address is the unique identifying number assigned to every device connected to the internet
IT	Ақпараттық технологиялар Information technology
АХҚО(AFSA)	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
АЕК	Ақпаратты есепке алу кітабы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
ЕО	Еуропалық одақ
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҚК	«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі»
ҚР ҚПК	«Қазақстан Республикасы Қылмыстық – процестік кодексі»
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының Заңы
РФ	Ресей Федерациясы
СДТБТ	«Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі»
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ЮНИСЕФ	Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Криптовалюталарды қолдана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық қудалау органдарының алдында көптеген проблемалар туындайды. Оның ішінде тергеу процесін қиындататын және оны ашуды созбалайтын мәселелер көптің қасы. Бұл криптовалютаның ерекше сипатына, сондай-ақ жаңашылдығына және цифрлық технологияны толық зерттемеуге байланысты.

Қоғам өмірінің әртүрлі салаларын цифрландыру, құқық қорғау органдары тарапынан ден қою және бақылау шараларын әзірлеу, оның ішінде криптовалюталарды қылмыстық мақсаттарда қолданудың алдын алуға қажеттілік туғызады.

«Chainalysis» блокчейн фирмасының мәліметтеріне сәйкес, әлемде криптовалюталарды қолдану арқылы жасалатын қылмыстар саны артуда. Бұл қоғамға қайшы әрекет еліміздің төңірегінде де орын алып жатқаны сөзсіз. Криптовалюталар жасырын сипатқа ие болғандықтан, қылмыстық іс-әрекет аясында төлемдер жүргізу үшін жаппай қолданылады [1].

Транзакцияларды алу кезінде, әсіресе криптовалютаның бастапқы көзін жасыруға мүмкіндік беретін әртүрлі қызметтерді пайдалану кезінде анонимділікті сақтау қылмыскерлерге де, тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді сатушыларға да тиімді болғандықтан, осы санаттағы қылмыстарды анықтау – құқық қорғау органдарының жұмысын едәуір қиындатады.

Криптовалюталарды пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық қудалау органдарында криптовалюта айналымының тәртібі, транзакцияларды жүзеге асыру айналымы, төлем жүйесінің өзі туралы және т.б. мәліметтер болуы қажет. Яғни, бұл қылмыстарды сәтті тергеу ІТ-технологиялар (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) саласында білікті мамандар болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылдың 25 мамырында әлемдегі ең ірі «Binance» крипто биржасының негізін қалаушы және бас директоры Чанпен Чжаоны қабылдады [2]. Кездесу барысында Қазақстанның бейінді құрылымдары мен «Binance» арасындағы цифрлық қаржы саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық келешектері, блокчейн-технологиялар саласындағы бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ Қазақстанда криптоиндустрияның өңірлік хабын құру мәселелері талқыланып, Президенттің қатысуымен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Binance» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осының негізінде қаржы қызметтерін реттеу жөніндегі комитеті АХҚО (AFSA) цифрлық активтер платформасын басқару және кастодиандық (ағылшынша custodian – сақтаушы) қызметтер көрсету бойынша лицензия берді.

Цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалануға байланысты қылмыстарды тергеу кезінде құқық қорғау органдарының алдында тұрған өзекті мәселелер жеткілікті.

Негізгі проблемалардың бірі - криптовалюталармен қамтамасыз етілген анонимділік. Криптовалюталарды қолдана отырып жасалған транзакциялар, мысалы, Bitcoin, бүркеншік атпен пайдаланылады. Оның орнына транзакциялар блокчейн деп аталатын жалпыға қол жетімді тізілімге жазылады. Бұл орталықтандырылмаған жүйе қауіпсіздік пен құпиялылықты арттырса да, тергеп-тексеруді қиындатады, өйткені қылмыстық әрекетке қатысқандарды анықтау өте қиын болады.

Келесі мәселе - криптовалюталардың ғаламдық (траншекаралық) сипаты. Дәстүрлі қылмыстық тергеп-тергеу әдетте юрисдикция шегімен шектеледі, бірақ криптовалюталар жаһандық ауқымда жұмыс істейді.

Бұл құқық қорғау органдарының үйлестіруі мен тиімді ынтымақтастығын қиындатады. Юрисдикциялық мәселелер бірнеше ел қатысқан кезде, бірыңғай құқықтық базаның болмауы жағдайды одан әрі ушықтырады.

Сонымен қатар, криптовалюталардың қарқынды дамып келе жатқаны тергеушілер үшін қиындық тудырады. Қылмыскерлер жаңа технологиялар мен әдістерді тез игеріп, оларды дереу қолданысқа енгізгендіктен құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеп-тексеру бойынша білім құралдары мен әдістемелік ұсыныстарын үнемі жаңартып отыруы керек.

Кейбір криптовалюталар әкімшілері құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттеседі. Алайда, барлық биржалар ережелерді қатаң сақтамайды, бұл қылмыскерлерге жүйені пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл платформаларды зерттеу көбінесе тергеп-тексеру процесін баяулататын күрделі және аз қолданылатын нормативтік актілерді зерттеуді қамтиды.

Сонымен қатар, криптовалюта операциялары біз білетін банктік операциялардан айырмашылығы, олардың қайтымсыздығы. Транзакция блокчейнде расталғаннан кейін оны жою мүмкін емес. Қайтымдылықтың болмауы ұрланған қаражатты қайтаруға немесе оны мемлекет пайдасына жатқызуға кедергі келтіруі мүмкін.

Теоретиктер атап өткендей, криптоәмияндарға және криптовалюталарға тыйым салу заң тұрғысында ғана мүмкін. Сол себепті олар заңды жұмысқа мүдделі емес, яғни барлық белгілі криптовалюта айырбастау қызметтері Қазақстанның құқық қорғау органдарының бақылауынан тыс. Сондықтан криптоәмиян қаражатын мәжбүрлеп тыйым салу мүмкін емес, өйткені тиісті сұраныстар талаптары орындалмайды.

Тағы бір маңызды мәселе - криптовалюталарды талдаудың аналитикалық құралдары мен әдістерінің болмауы. Транзакцияларды қадағалау үшін әртүрлі платформаларды қалыптастыру әрекеттеріне қарамастан, бүгінгі күні криптовалюта нарығының трансұлттылығы, сондай-ақ белгіленген халықаралық саясаттың болуы жағдайында транзакциялар қозғалысының тәртібін белгілеу үшін қажетті толық бақылау мүмкін емес.

Анонимділік, жаһандық сипат, реттеу мәселелері, транзакциялардың қайтымсыздығы және деректер көлемі тергеп-тексеру процесін қиындатады. Криптовалюталардың трансұлттық сипатын ескере отырып, бұл мәселелерді шешу үшін әртүрлі мемлекеттердің құқық қорғау органдары өкілдерінің бірлескен күш-жігері, криптовалюталарды пайдалана отырып жасалған қылмыстармен күресудің неғұрлым тиімді стратегиялары мен құралдарын әзірлеу қажет.

Цифрлық активтердің кейбір проблемаларын өз жұмыстарында мынадай авторлар қарастырды: В.В. Ночевная, В.А. Перов, М.М. Долгиева, Г.З. Мансуров, Л.Ю. Василевская, Д.С. Вахрушев, А.Е. Сахит, А.И. Савельев, Р.М. Янковский. Осылардың ғылыми жұмыстары криптовалютань азаматтық құқықтың жаңа объектісі ретінде зерттеуге және олармен жасалатын мәмілелердің біліктілігіне қатысты.

Практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәселелеріне арналған зерттеулер тек Қазақстанда ғана емес, көршілес Ресей, Украина және т.б. алыс-жақын көрші елдерде де жоқ.

Сондықтан аталған тақырып тәжірибелі заңгерлер мен ғалымдардың, осы саланы зерттеушілердің қызығушылығын арттырады.

Біздің елде цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеудің кейбір проблемалары бойынша кешенді зерттеулер жүргізілмеген.

Бұған қарамастан, зерттеліп отырған сұрақ бойынша «Криптовалютаны қылмыстық мақсатта пайдалану: тыйым салу және тәркілеу мәселелері» тақырыбында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілген.

Зерттеудің мақсаты криптовалюталарды пайдалана отырып жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кезінде туындайтын практикалық проблемаларды зерделеу және осы саланы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері:

- әртүрлі мемлекеттердегі цифрлық активтер туралы заңнаманың қалыптасу жолдары мен даму заңдылықтарын зерттеу;
- қылмыстық істер бойынша цифрлық активтерді (криптовалюталарды) алу, сақтау тәртібін құқықтық реттеу аспектілерін зерделеу;
- криптовалюталарды пайдалана отырып жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі ретінде криптовалюталарды пайдалана отырып жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар танылады.

Зерттеу тақырыбы. Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейбір проблемаларын

жүзеге асыру кезіндегі ұлттық және шетелдік заңнамалар, халықаралық стандарттар.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері. Магистрлік жобаның әдістемелік негізін Қазақстан Республикасы және шетелдің сотқа дейінгі тергеу органдарының цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды тергеу кезінде ақпараттар санаты құрайды. Жұмысты жазу барысында отандық сот практикасы қолданылды. Сонымен бірге мерзімді баспасөзге жарияланған материалдар мен статистикалар пайдаланылды.

Магистрлік жобаны зерттеудің әдістемелік базасы жалпы ғылыми, диалектикалық әдіс танымына негізделген. Сондай-ақ магистрлік жоба барысында жүйелік-құрылымдық, логикалық, тарихи, статистикалық және әлеуметтік талдау әдістері қолданылды.

Магистрлік жобада цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында криптовалюталарға тыйым салу және тәркілеу бойынша туындайтын кейбір проблемаларды шешу үшін олардың қызметін жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірленген. Іс-тәжірибелік материалдарға негізделіп әзірленген, осы тақырыптағы тұңғыш жобалық зерттеу болып табылады.

Магистрлің жобаның теориялық және практикалық маңызы жұмыста келтірілген қорытындыларды, заң нормаларын жетілдіру процесінде қолдану мүмкіндігімен ұштасады. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларына, қолданыстағы заңдар мен халықаралық нормативтік актілердің нормаларына негізделген. Сонымен қатар, зерттелген жұмыс мәселесіне байланысты нормативтік-статистикалық материалдар мен ғылыми заң әдебиеттері қолданылады.

Магистрлік жобада теориялық маңыздылығы Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейбір проблемалары жан-жақты және жүйелі зерделеніп, әртүрлі ғылыми заңдылықтарға талдау жасалып, жеке көзқарас ұсынылды.

Практикалық ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысымен бекітілген «Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларына» келесі редакцияда толықтырулар енгізу.

- 47-тармақты келесі абзацпен толықтыру;

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган сот шешімін алғаннан кейін цифрлық активтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған уәкілетті орган келісім жасасқан лицензияланған биржаға немесе крипто-брокерге үш тәуліктен аспайтын мерзімде сату үшін береді».

- 2-тарау 4-тармақты 5) тармақшамен толықтыру;

«Қылмыстық процесті жүргізетін орган мен цифрлық активтері тәркіленген тұлға арасында цифрлық активті фиат немесе цифрлық валюталар түрінде сақтау туралы медиативті келісім жасасу».

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 118-бабы 1-бөлігі 4) және 5) тармақшалары «цифрлық валюталар» сөздерімен толықтырып келесі редакцияда жазу.

- 4-тармақша «қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша, цифрлық активтер, құндылық пен өзге де мүлік»;

- 5-тармақша «қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралдары болуы мүмкін ақша, цифрлық активтер, құндылық, өзге де мүлік, нәрселер, құжаттар».

3. Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмысқа келесідей ұғымды ұсынамыз, «Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыс (криптоқылмыс) – бұл цифрлық активтерге (криптовалюталарға) қатысты немесе оны пайдалану арқылы жасалуы мүмкін қылмыстық заңмен қудаланатын кез келген іс әрекет».

Зерттеудің нормативтік базасы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік, азаматтық кодекстері, Ақпараттандыру туралы, Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы заңдары сонымен қатар, халықаралық құқық нормалары мен шетелдердің нормативтік құқықтық актілері танылады.

Зерттеу жұмысының дерек көзінің негізі. Магистрлік жобаның теориялық базасын бұрын және кейінгі жылдарында жарық көрген ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеудің деректік негізі мен тұжырымдары «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысымен бекітілген «Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 172 бұйрығымен бекітілген «Цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау, жариялау тәртібі туралы қағидалары» сонымен қатар, халықаралық құқық нормалары мен шетелдердің нормативтік құқықтық актілері танылады. Салыстырмалы түрде АҚШ, Еуропа, Қытай, РФ және тағы басқа мемлекеттердің заңдары, халықаралық құқықтық актілер негіздері зерттеледі.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Зерттеудің негізгі тұжырымдары жарияланған ғылыми еңбекте кеңінен баяндалады. Атап айтқанда:

«Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот ісін жүргізуде цифрлық активтерді (криптовалюталарды) алып қою мен сақтауды құқықтық реттеу» атты мақала жарық көрді.

Сонымен қоса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сотқа дейінгі тергеп-тексеру қызметі бастығының орынбасарымен бекітілген магистрлік жоба нәтижелерін практикалық қызметке енгізу актісімен расталады (Қосымша 1).

Зерттеу кезеңдеріне статистикалық мәліметтерді жинау және талдау, заңнаманы және нормативтік құқықтық базаны, ғылыми және практикалық әдебиеттерді, өңірлерде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының криптовалюталарды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды тергеу практикасының ерекшеліктерін қарау, проблемалық мәселелерді жүйелеу, оларды шешу үшін ұсынымдар әзірлеу кіреді.

1 Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ағымдағы жай-күйі

1.1. Цифрлық активтердің (криптовалюталардың) түсінігі мен мәні.

Жаңа технологиялардың қарқынды даму дәуірінде қаржы саласы да, атап айтқанда банк секторы да таңсық емес. Банк секторының саласы қазірдің өзінде көптеген ақпаратты өңдеуді едәуір жеңілдететін озық цифрлық технологияларды қолданады, алайда соңғы он жыл революциялық блокчейн технологиясының пайда болуымен және оның негізінде криптовалюталардың шығарылуымен ерекшеленді.

Жаңа технологиялардың пайда болуы нәтижесінде жаһандық экономиканың негіздері өзгере бастады және қайта қаралады. Оның ішінде цифрлық ақша, «классикалық» мәліметтер базасына негізделген құбылыстар мен ұйымдардың қалыптасқан құрылымына енуі сөзсіз. Нормативтік-құқықтық реттеу тұрғысынан әр түрлі елдерде бұл актив әр түрлі анықталады. Қазақстанда, криптовалюталар ақша ретінде танылмайды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы Заңының 1-бабы 1)-тармақшасына сәйкес, «цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік» болып табылады [3]. Яғни Қазақстанда цифрлық активтер тек мүлік ретінде қарастырылады.

Әртүрлі мемлекеттерде қандай да бір нысанда цифрлық активтердің айналымын, цифрлық активтерді сататын компаниялар және крипобиржалардың қызметін реттейтін құқықтық актілер қабылдануда. Жаңа құқықтық актілермен бірге қарастырылып отырған құбылыс үшін ресми терминология енгізілуде.

Негізгі мәселе мынандай, аталған терминология әлем мемлекеттерінде айтарлықтай мөлшерде ерекшеленеді. Мәселен, «қамтамасыз етілген цифрлық актив», «цифрлық тұтынушы актив», «утилитар таңбалауыштар», «қамтамасыз етілген виртуалды актив», «цифрлық актив» және «криптовалюта» терминдері әртүрлі елдерде қолданылады, бірақ бәрі айналып келгенде активтің бір түрін білдіреді.

Бұл дегеніміз, кейбір мемлекеттерде осы актив құқықтық реттеудің объектісі болып табылады. Себебі ол дәл осындай ауызша түрде түсінікті және заңмен анықталған, ал басқа мемлекеттерде оның мағыналық түсінігімен мен ұлттық нормаларда қолданылатын ұғымдармен байланысы туралы проблема туындайды.

Бұлардың бәрі алдын-ала қақтығысу проблемасын шешу қажеттілігіне әкеліп соқтырады. Әр түрлі елдердің мемлекеттік заңнамасында бекітілген

терминдерден бөлек, негізгі құқықтық актілер пайда болғанға дейінгі қалыптасқан терминологиялар да бар.

Ол әр түрлі мемлекеттердің қаржылық бақылау мекемелерінің түсіндірмелерінде көрініс тапқан, содан кейін саналуан ғылыми құқықтық мақалаларда қайталанып, кейіннен қабылданған доктриналық тәсілге айналды. Зерттелетін құбылыстардың құқықтық мәнін ұғыну үшін оларды қарастыруды әртүрлі мемлекеттердің заңнамасы тұрғысынан емес, доктриналық тәсілінен бастау керек.

Қолданыстағы құқықтық доктринаның сәтті көрінісі Швейцарияның қаржы нарығының операцияларын қадағалау жөніндегі басқармасының «Монеталарды бастапқы орналастыруға арналған нормативтік-құқықтық базаға (ICO) қатысты мәселелер туралы» басшылығы болып табылады [4]. Нұсқаулыққа сәйкес, ICO процесінде шығарылған барлық цифрлық активтер экономикалық мақсатқа қарай жіктелуі керек. Онда цифрлық активтердің келесі түрлері қарастырылады:

1. Төлем белгісі - төлем құралы ретінде пайдаланылатын цифрлық құны болып табылады. Төлем белгілерінің бір түрі-криптовалюта.

2. Утилиталар таңбалауыштар (немесе қызметтік таңбалауыштар) қосымшаға немесе қызметке цифрлық қол жетімділікті қамтамасыз етуге арналған. Мысалы, қосымша компанияларды тартуды жоспарлап отырған ІТ компаниясы бұлтты деректерді сақтау қызметін құруға арналған инвестициялар, утилиталарды шығара алатын таңбалауыштар, бұл олардың сатып алушыларына бұлтты сақтауда қосымша орын алуға кепілдік береді (мысалы, 1 таңбалауышқа 1 Гб).

3. Токен активтер («Asset tokens») - бұл өз иелеріне компанияны басқаруға қатысу құқығын, сондай-ақ дивидендтер алу құқығын беретін активтер. Экономикалық қызметі тұрғысынан мұндай белгілер акцияларға, облигацияларға немесе туынды құралдарға ұқсас.

4. Гибридті таңбалауыштар - бұл бір уақытта бірнеше экономикалық функцияларды орындайтын таңбалауыштар.

Осылайша, Швейцарияда токендердің экономикалық қызметіне қарай жіктелуі жүргізілді. Дәл осы тәсіл көптеген басқа мемлекеттерде қабылданды және кең таралды.

Жүргізілген жіктеуге сәйкес, криптовалюта «төлем белгілерінің» бір түрі екенін бөлек атап өткен жөн. Тиісінше, «төлем белгісі» термині мәні бойынша көлемді және криптовалютанан қамтиды. «Криптовалюта» терминін доктриналық түсіну FATF есептерінің бірімен тығыз байланысты [5]. Дәл осы Үкіметаралық ұйым алғашқылардың бірі болып криптовалютанан заңсыз мақсаттарға пайдалану туралы проблематиканы зерттеді. Бұл есептің қорытындыларын және анықтауға қатысты тұжырымдарын көптеген мемлекеттердің құқықтық жүйелері де, халықаралық ұйымдары да қабылдады. Атап айтқанда, FATF «виртуалды валюталар» термині Еуроодақтың «ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру үшін қаржы жүйесін

пайдалануды болдырмау туралы» Директивасында [6] және Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар ұйымының нұсқаулықтарында [7] қолданылды.

Осылайша, FATF төлем құралдарының екі формада болатындығын көрсетті: материалдық (фиат валютасы) және цифрлық (электрондық ақша және виртуалды валюта). Төлем құралдарын білдірудің цифрлық нысанын белгілеу үшін электрондық ақшаны да, виртуалды валютаны да қамтитын «цифрлық ақша» термині қолданылады.

Жоғарыда келтірілген сипаттамаға сәйкес Фиат ақшасын және электрондық ақшаны заңды төлем құралы ретінде тануға болады деген қорытынды жасауға болады.

Электрондық ақша жасалу жағынан күрделі болып келеді және бөліну критерийіне байланысты виртуалды ақшалардың саналуан түрлері бар. Осылайша, виртуалды ақшаны шын ақшаға ауыстыруға болатындар мен ауыстыруға болмайтындарға бөліп қарастыруға болады.

Виртуалды валютаны критерийі жағынан орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деп екіге бөліп қарастыруға болады. Алайда Қазақстан Республикасында және әлемнің басқа да елдерінде орталықсыздандырылған виртуалды валюталарды заңды төлем құралы деп тануға болмайды.

Олардың ең басты ерекшелігі ретінде, орталық әкімшінің жасауы және оның бақылауында болуын атап өтуге болады. Криптовалютаны жасаушы оның құнын нарықтағы сұранысқа қарай анықтайды және оның айналым тәртібін айқындайды, сонымен қатар бұл ережелер оны сатуға және сатып алуға ниет білдірген адамдарға міндетті.

Заң ғылымында көптеген жұмыстар криптовалюта ұғымына арналған.

Ю.В. Коречков пен П.В. Целишев криптовалютань компьютерлік желіде толығымен жұмыс істейтін электрондық ақшаның жаңа кіші түрі ретінде анықтайды, олардың эмиссиясы мен есебі асимметриялық шифрлауға және әртүрлі криптографиялық қорғау әдістерін қолдануға негізделгендігін көрсетеді [8]. Ал Д.С. Вахрушев криптовалюта деп жұмыс істеуі эмиссия мен айналымның орталықтандырылмаған механизміне негізделген және иелерін сәйкестендіруді және олардың өзгеру фактісін тіркеуді реттейтін криптографиялық қорғау әдістеріне негізделген ақпараттық-технологиялық процедуралардың күрделі жүйесі болып табылатын электрондық ақшаның ерекше түрін түсінеді [9].

Өз кезегінде А.Е. Сахит, «Криптовалюта - бұл Интернетке қосыла алатындардың барлығына қол жетімді ақшаның аналогы, криптовалюта иелері банктер, трейдерлер, бизнес түрінде үшінші тұлғалардың көмегінсіз өзара алмасуы мүмкін. Аудармаларды қорғау жүйесі шифрлауға негізделген және хэш функцияларын қолданады» деген тұжырым берді [10].

Қазақстанда жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, криптовалюта – бұл транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жаңа қондырғылардың құрылуын бақылау үшін криптографияны қолданатын ақшаның цифрлық түрі. Бұл орталық банк немесе үкімет

бақыламайтын орталықтандырылмаған жүйе. Сонымен қатар, бұл инвесторлардың, технологиялық компаниялардың және көпшіліктің назарын аударатын маңызды құбылыс болды [11].

Криптовалюта – (грек тілінен *κρυπτός* «жасырын», италиянша *valuta* «күн, тиын, ақша» деген мағына береді) ішкі есеп айырысу бірліктерін есепке алуды орталықтандырылмаған төлем жүйесі қамтамасыз ететін цифрлық валютаның бір түрі (ішкі және сыртқы администраторы немесе оның кез келген баламасы жоқ).

Касперскийдің энциклопедиясына сәйкес, транзакциялары ашық кілтті шифрлау әдістеріне негізделген цифрлық электрондық валюта. Криптовалюта ақша бірліктерінің материалдық көрінісі жоқ және олар өзара байланысты деректер блоктарының (блокчейн) тізбегі болып табылады. Үздіксіздік, яғни бүкіл эмиссияның сенімділігі алдыңғы туралы шифрланған ақпаратты әрбір келесі блокқа қосу арқылы қамтамасыз етіледі. Осының арқасында жүйе бұзудан және жаңа блоктарды рұқсатсыз қосудан қорғалған. Криптовалюта айналымы орталықтандырылмаған-транзакцияларды басқаратын бірде-бір сервер жоқ. Оның орнына барлық операциялар туралы ақпарат барлық валюта ұстаушыларға таратылады. [12].

Сонымен қатар, осы терминді түсінуге түсінікті болу үшін барлық дерлік криптовалюталар – блокчейн негізделген технологияның анықтамасына жүгіну керек. Блокчейн (ағылш. *blockchain* немесе *block chain*) - ақпаратты қамтитын белгілі бір ережелерге сәйкес құрылған үздіксіз тізбекті блоктар тізбегі (байланыстырылған тізім). Көбінесе блокчейндердің көшірмелері әртүрлі компьютерлерде сақталады және дербес өңделеді (өте параллель).

Криптовалюталардың екі түрі бар: монеталар (монеталар) және токендер (цифрлық активтер). Техникалық тұрғыдан олардың арасында айырмашылық бар, бірақ іс жүзінде олар өте ұқсас. Екеуінің де сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасатын құны бар. Сіз оларды сатып алып, сата аласыз, олармен төлем жасай аласыз.

Coinmarketcap мәліметтері бойынша, қазір әлемде 1,8 миллионнан астам криптовалюта құрылды және күн сайын бұл көрсеткіш өсуде [13]. Coinmarket сияқты қызметтерде ұсынылған цифрлық активтерден басқа, көпшілікке қол жетімді емес және ашық нарықтарда сатылмайтын көптеген жергілікті крипто-активтер бар. Сала белсенді игерілуде және дамуда. Саланың қарқынды дамуының себебі, жаңа криптовалюталарды құру процесі жалпыға қол жетімділігі.

Әлемдегі ең танымал 5 криптовалюта ретінде Bitcoin, Ethereum, Tether, BNB, Solana анықтап айтуға болады (1 кесте). Крипто валюталардың нарықтық бағасы көптеген факторлардың әсерінен күнделікті өзгеруі мүмкін.

№	Атауы	Символы	Нарықтық капиталдан-ды руы	Айналымдағы ұсынысы	Бағасы	Көлемі
---	-------	---------	----------------------------	---------------------	--------	--------

1	Bitcoin	BTC	\$1,299,939,064,433	19 671 462 BTC	\$66,082.48	\$49 567 355 331
2	Ethereum	ETH	\$393,372,238,258	120 070 728 ETH	\$3,276.17	\$21 357 886 095
3	Tether USDT	USDT	\$104,682,300,071	104 657 945 828 USDT	\$1.00	\$94 218 147 787
4	BNB	BNB	\$83,478,413,458	149 535 639 BNB	\$558.25	\$2 447 874 933
5	Solana	SOL	\$82,840,947,573	444 824 935 SOL	\$186.23	\$4 329 288 167

1-Кесте Криптовалютаның нарықтық капиталдандыруы

Осы тұрғыда криптовалюталардың әлемде кеңінен тарауына «Bitcoin» өз септігін тигізген.

Алғаш рет «Криптовалюта» термині 2009 жылы Сатоши Накамото бүркеншік атымен адам немесе адамдар тобы жасаған «Bitcoin» төлем жүйесі пайда болғаннан кейін қолданыла бастады (дерек көздерге сәйкес ол тұлға әлі анықталған жоқ). «Криптовалюта» термині 2011 жылдың 20 сәуірінде Энди Гринбергтің (Andy Greenberg) «crypto Currency» («криптографиялық валюта») атты мақаласы Forbes-те жарияланғаннан кейін кең таралды [14].

Кейінірек криптовалюталардың басқа да түрлері пайда болды. Мысалы Namecoin (домендік аймақ ішінде тіркелу үшін орталықтандырылмаған DNS .bit), Litecoin (Scrypt хэштеуін қолданады), PPCoin (proof-of-work/proof-of-Stake гибриді механизмін қолданады, шығарудың жоғарғы шегі жоқ), Novacoin (PPCoin-ге ұқсас, бірақ Scrypt қолданады) және басқалары.

2013 жылдың шілдесіне дейін Ripple-ден басқа барлық криптовалюталардың бағдарламалық жасақтамасы Bitcoin жүйесінің ашық көзіне негізделіп жасалған. 2013 жылдың шілдесінен бастап әртүрлі инфрақұрылым - алмасу қызметтері, дүкендер, мессенджерлер және т.б. біріктірілген басқа платформалар пайда бола бастады. Мұндай криптоплатформаларға мыналар жатады: Bitshares, Mastercoin, Nxt және басқалар [15].

Қорытындылай келе және жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесі тұжырымға келдік. Криптовалюталар – монеталарда немесе банкноттарда физикалық көрінісі жоқ цифрлық валюта. Ал оның мәні салымшылардың сенімінен басқа ештеңемен қамтамасыз етілмеген, эмиссиясы мен есебі орталықтандырылмаған әдіске негізделген, қорғаудың криптографиялық әдістеріне негізделген және блокчейн технологиясының негізінде құрылған цифрлық активтердің ерекше түрі.

1.2 Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтерді (криптовалюталарды) құқықтық реттеудің қайнар көздері

Зерттелген ғаламтордағы ашық көздерге сүйенсек, қазіргі уақытта бірқатар елдер криптовалюталардың құқықтық мәртебесін мойындады және бекітті: олардың арасында Сальвадор, Біріккен Араб Әмірліктері, АҚШ, Мальта, Франция, Канада, Гонконг, Жапония, Еуропалық одақ және басқалары. Криптовалюталарды заңдастырғандардың ішінде жақын шет елдерде бар, оның ішінде Беларусь, Грузия. Ал Катар мен Сауд Арабиясында криптовалютаға тыйым салынған.

Көршілес Ресейде 2021 жылдың қаңтар айында «Цифрлық қаржы активтері, цифрлық валюта және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» [16] Федералдық Заң күшіне енді. Бұл криптовалютанан цифрлық валютаның нұсқасы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Алайда, оны Ресейде тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу үшін пайдалануға тыйым салады. Бірақ инвестициялау объектісі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанда цифрлық активтерді (криптовалюталарды) реттеу 2020 жылғы 25 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдаудан басталады.

Қабылданған заңға сәйкес азаматтық құқық объектілерінің түрлері цифрлық активтермен толықтырылды, яғни олар мүліктік игіліктер мен құқықтар (мүлік) қатарына жатқызылды.

Аталған Заңмен Қазақстан Республикасының «Ақпаратандыру туралы» [17] Заңына сәйкес келесідей негізгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

- Цифрлық активтердің Қазақстандағы ұғымы мен түрлері айқындалды;
- Айналым ерекшеліктері АХҚО актілерімен айқындалатындығы жөнінде талап бекітілді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Заңының 1-бабына сәйкес:

«Цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып, электрондық-цифрлық нысанда құрылған, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік» болып табылады.

«Цифрлық майнинг – блокчейн арқылы деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлаудың және өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік қуаттарды пайдалана отырып есептеу операцияларын жүргізу процесі» танылады.

Заңмен цифрлық токен ұғымы да анықталды. Сол Заңға сәйкес «цифрлық токен, ол - мүліктік құқықтарды есепке алудың, айырбастаудың және куәландырудың цифрлық құралы болып табылатын цифрлық активтің түрі».

Алайда бұл толықтырулар цифрлық активтерді пайдалану мен айналымын толығымен және тиісті түрде реттемеді. Жағдайды өзгерту үшін 2023 жылғы 01 сәуірде күшіне енген «Цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол оларды шығару және айналым саласындағы қызметті реттеуге бағытталған.

Заңды қабылдаудың негізгі мақсаттары ретінде инновацияларды қолдау мен инвестицияларды тартуды айтуға болады.

Яғни, Заңның қабылдануы цифрлық активтерге қатысты жаңа технологиялар мен инновацияларды дамыту үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Оның көмегімен блокчейн технологияларын дамыту, сондай-ақ олардың негізінде цифрлық активтер мен қызметтердің жаңа түрлерін құрудың жеделдетілуіне әкеледі.

Сонымен қоса, жақсы әзірленген және тиімді заңнамалық база цифрлық активтерге көбірек инвестициялар тартуы мүмкін, бұл олардың құндылығын және Қазақстанның цифрлық нарығының жалпы көлемін арттыруы мүмкін.

Жалпы Заң 14 бапты қамтитын 5 бөлімнен тұрады және шартты түрде үш негізгі блокқа бөлуге болады:

- қамтамасыз етілген цифрлық активтердің шығарылуын реттеу;
- активтерді айырбастау мен сауданы реттеу;
- майнинг қызметін реттеу.

Цифрлық активтер туралы Заңның қабылдануы нарыққа қатысушылардың қызметін реттеу және инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру үшін құқықтық базаны ұсына отырып, Қазақстанда цифрлық нарық пен майнингтің дамуына оң әсерін тигізуде. Алайда, қазіргі түрінде заң цифрлық нарықтағы жағдайды іс жүзінде жақсартпайды және өз мәні бойынша Қазақстанда жаңа объектілерді енгізу мен пайдалануға заң шығарушының алғашқы ұқыпты қадамдарының бірі ғана болып табылады.

Соған қарамастан, заңның арқасында Қазақстанда нарықтың жаңа реттелген қатысушылары-цифрлық майнингтік пулдар пайда болды. Ал уақыт өте келе майнерлерді қорғау күшейе түседі, бұл болашақта нарықты дамуға итермелеуге әбден ықтимал.

Заңмен енгізілген басты жаңалықтардың бірі - қамтамасыз етілген цифрлық активтерді неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу. Сонымен, «цифрлық актив» термині толық жаңартылды және нақтыланды, ол цифрлық активке цифрлық код беріліп, сондай-ақ ол негізі таратылған деректер платформасы технологиясы негізінде ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілгенін толық анықтады. Сондай-ақ Заңмен қамтамасыз етілген цифрлық активтерге қойылатын талаптар айқындалған, яғни қамтамасыз етілген цифрлық актив деп тану үшін ол келесідей талаптарға сәйкес келуі керек:

- ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда, материалдық, зияткерлік көрсетілетін қызметтер мен активтерге құқықты куәландыруы;
- заңды тұлғаның қамтамасыз етілген цифрлық активті шығару туралы рұқсаты болуы;

- есеп айырысатын ақша бірлігі және заңды төлем құралы болып табылмауы;
- қаржы құралы немесе қаржы активі деп танылмауы;
- қамтамасыз етілген цифрлық активті шығарған тұлға туралы деректерді қамтуы;
- активті қамтамасыз етілген цифрлық актив етіп құрғанға дейін оған мүліктік және (немесе) зияткерлік құқықтардың растамасы болуы;
- блокчейн желісінде активтің және (немесе) мүлікке құқықтың ауысуы туралы жазбасының болуы.

Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері немесе заңды тұлғалары ғана қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтауға және айырбастауға қатысты тиісті платформаны пайдалануды жүзеге асыратын және оларды шығаруға және айналысқа рұқсат алуға құқылы.

Қазақстандағы жалпы реттеу қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген активтерге бөлуді көздейді. Активтердің бірінші тобына тауарларға немесе қызметтерге мүліктік құқықтарды куәландыратын цифрлық құралдар (цифрлық токен және өзге де цифрлық активтер) жатады. Егер біз токен туралы айтатын болсақ, онда ол цифрлық кеңістіктегі бағалы қағаздардың өзіндік алмастырушысы болып табылады. Мысал ретінде монеталарды бастапқы орналастыру (initial Coin Offering) процесін келтіруге болады. Мұнда қандай да бір ұйым инвестициялар тарту мақсатында өзінің таңбалауыштарын шығарады. Мұндай тәжірибе әлемнің батыс елдерінде кең таралған. Кейіннен компаниядан токендерді сатып алған өкілдер оларды белгілі бір қызметтерге немесе сол монеталарды шығарған компанияның тауарларына жұмсай алады. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерге құқықтар үшінші тұлғалардың құқықтарына берілуі және тіпті ауыртпалық түсіруі мүмкін.

Заң қамтамасыз етілмеген активтерге блокчейндегі консенсусты сақтауға қатысқаны үшін сыйақы ретінде алынған цифрлық белгілерді жатқызады. Бұл процесс нені білдіреді? Мәселе мынада, криптовалютанан алудың белгілі бір тәртібі бар, ол кейбір орталарда консенсус алгоритмі ретінде де белгілі.

Егер цифрлық активтердің екі түрін салыстыратын болсақ, бірнеше ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

Қамтамасыз етілген цифрлық актив тауарларға немесе қызметтерге мүліктік құқықтар туралы куәландырады, ал қамтамасыз етілмеген – ештеңемен бекітілмеген.

Егер қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару кезінде біз иесі туралы білуіміз мүмкін болса, онда қамтамасыз етілмеген жағдайда – анонимділік сақталады.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активті өндіру жүйесі ешкіммен бақыланды, ал қамтамасыз етілген актив активтің осы түрін шығарған компанияның заңнамасы мен ішкі ережелері шеңберінде болады.

Майнингтің танымалдылығының артуына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып танылмайды және олардың айналымында шығаруға да тыйым салынады.

Қазіргі уақытта криптовалютаның құқықтық режимін реттейтін норма белгілі бір ерекшеліктер бермейді. Осылайша, аталған цифрлық активтерді Bitcoin өндірісінің көмегімен шығару елдің заңдары шеңберінде заңсыз болып табылады, бірақ заңнама әлі қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікті көздемейді.

Жалпы реттеуді қоспағанда, цифрлық активтер биржалары есептілігінің тізбесі, оны ұсыну мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісу бойынша «Астана халықаралық қаржы орталығының» (АХҚО) актілерімен айқындалады. Бұл ретте АХҚО заңнамасы:

Қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген цифрлық активпен шектемейді. АХҚО қатысушылары мен үшінші тұлғалар арасындағы цифрлық активтердің «майнинг», «шығарылымы» және «айналымы» ұғымын көздемейді.

АХҚО қатысушысы Қазақстанда цифрлық активті өндіруге, шығаруға, өзінің криптоброкеріне аударым жасауға және шетелде цифрлық активтермен айналымға қатысуға құқылы. Заңда қызметті лицензиялау қарастырылған, сонымен қатар инвесторлардың 3 түрі бөлінеді: бөлшек, аккредиттелген және кәсіби.

Лицензия беру кезінде қаржы реттеушісі, АХҚО-ның қаржы қызметтерін реттеу комитеті клиенттердің санына және клиенттің әрбір түрі жасайтын операциялардың көлеміне шектеу қояды, сондай-ақ қаржылық және IT-аудит, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің болуы бойынша талаптар қояды. АХҚО лицензиясы бар ұйымдар қаржы мониторингінің субъектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген «Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына» [18] сәйкес ҚР Ұлттық Банкі екінші деңгейдегі банктерге криптовалюталарды пайдалана отырып, меншікті де, клиенттік те кез келген мәмілелер мен операцияларды шектеді.

Цифрлық активтерді биржа арқылы емес, тікелей сатып алу кезінде мүмкін болатын тәуекелдер бар. Цифрлық активті сатып алғысы келетін адам өзінің сатушысын білмейді, клиентті ресми түрде жұмыс істейтін компаниялардағыдай тексермейді. Ресми криптоброкер әмияндардың тарихын көреді, сонымен қатар жүйеде барлық цифрлық активтер ақ (таза) және қара болып бөлінеді. Осылайша, адамдар қылмыстық жолмен алынған немесе

тыйым салынған ұйымдардан алынған цифрлық активтерді сата алады. Бұл қылмыстық қудалаудың орбитасына түсу қаупі бар дегенді білдіреді.

Цифрлық активтердің кейбір түрлерінің құнын анықтау тәртібі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 172 бұйрығымен бекітілген «Цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау, жариялау тәртібі туралы қағидаларымен» [19] бекітілген.

Қағиданың негізгі мақсаты цифрлық активтердің құнын айқындау және олардың құны мен түрлерінің тізбесін жариялау болып табылады. Қағидаға сәйкес цифрлық активтердің құнын айқындау тәртібінің формуласы бекітілген. Онда тәуліктегі (24 сағат) цифрлық активтердің құны, Америка Құрама Штаттарының долларындағы цифрлық активтердің нарықтағы капитализациясын, тәуліктегі (24 сағат) цифрлық активтердің сауда-саттық көлеміне бөліп, кіріс алынған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамына тең екендігі көрсетілген.

Ал, Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасына қайта есептеу белгілі бір шетел валютасына тіркелген құны бар цифрлық активтер айналым жасалған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған тиісті шетел валютасын айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып жүзеге асырылады.

Бұл нормалар алдын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 578 және «Астана халықаралық қаржы орталығы» Басқарушысының 2023 жылғы 23 маусымдағы № 208 бірлескен бұйрығымен «Цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау, жариялау тәртібі туралы қағидаларымен» [20] (күші жойылған) көзделген болатын.

Алайда, қағиданың 2-қосымшасына сәйкес құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесіне тек 11 криптовалюта енгізілген. Құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен цифрлық майнинг пулының өтініші негізінде толықтырылады.

«Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің» [21] 115-бабына сәйкес «цифрлық актив» азаматтық құқықтар объектілерінің бір түріне жататын мүліктік игілік және құқық (мүлік) болып табылады. Басқаша айтқанда, цифрлық актив, яғни криптовалюта – бұл мүлік.

Цифрлық активтер қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген болып 2 түрге бөлінеді:

- қамтамасыз етілген цифрлық актив – қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформа арқылы тіркелген, ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда, материалдық, зияткерлік қызметтер мен активтерге құқықтарды куәландыратын цифрлық актив;

- қамтамасыз етілмеген цифрлық актив-ақпараттық жүйеде блокчейндегі консенсусты қолдауға қатысқаны үшін сыйақы түрінде алынған және цифрлық

активтер биржасында цифрлық нысанда сауда жасауға болатын ешкімнің ақшалай міндеттемелерін білдірмейтін цифрлық актив.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында қамтамасыз етілген цифрлық актив құқықтық реттеудің қайнар көздері болып Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Астана халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы, «Қазақстан Республикасының цифрлық активтер туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері табылады.

Сонымен қоса, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта «Қазақстан Республикасының цифрлық активтер туралы» Заңда қамтылғаннан өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағында АХҚО аумағын қоспағанда, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер бойынша цифрлық активтер биржаларының қызметіне тыйым салынады.

1.3 Шет ел мемлекеттерінің цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалана отырып жасалған қылмыстарды тергеп-тексерудің ерекшеліктері

Қазіргі ақпараттық қоғамда цифрлық технологияларды қолдану виртуалды экономикалық қатынастарды, соның ішінде электрондық ақшаны пайдалану мақсатында электрондық төлем сервистерін дамытуға көмектескен электрондық коммерцияны дамытуға септігін тигізді, ал IT технологияларды белсенді дамыту, оны тарату тізбегін құру бүкіл әлемде цифрлық активтердің (криптовалюталардың) дамуы мен таралуына ықпал етті.

Цифрлық активтерді (криптовалютаны) пайдалана отырып, жасалынатын қылмыстарды тергеп-тексерудің халықаралық және шетелдік тәжірибесін зерттеу шетелде де, Қазақстанда да қылмысқа қарсы іс-қимылмен байланысты негізгі проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) цифрлық активтерге (криптовалютаға) көп көңіл бөледі. Мәселен, 2019 жылғы қаңтарда өзінің ресми сайтында 2018 жылғы Әлемдік экономикалық және әлеуметтік жағдайға шолу жасауға арналған баяндама орналастырылды, онда цифрлық активтер (криптовалюталар) мен блокчейн әлемді орталықтандырылған институттарға сену қажеттілігінен құтқара алатын, бюрократиялық рәсімдер санын қысқартатын, инновациялық активтер құра алатын әлемдік қаржы жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады деген қорытындыға келді.

Сонымен қатар, БҰҰ қылмыс, сыбайлас жемқорлық сияқты құбылыстармен күресу үшін блокчейн технологиясын қолдану мүмкіндігін зерттеп жатыр және балалар саудасына қарсы күрес ерекше көзге түседі. Бұдан басқа, цифрлық активтер (криптовалюталар) «цифрлық қаржы саласындағы жаңа шекара» ретінде қарастырылады.

Біріккен ұлттар ұйымы цифрлық токендармен қаржыландыру үшін қор ашты, ал оның француздық ЮНИСЕФ бөлімшесі тоғыз цифрлық активте (криптовалютада) қайырымдылық қабылдай бастайды. «Тұрақты даму мақсаттары» халықаралық бағдарламасына сәйкес кедейлік, теңсіздік, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның нашарлауы және т. б. сияқты жаһандық мәселелерді шешуге арналған арнайы қор құрылды, ол бірнеше жүз миллион доллар жинап, оларды блокчейн жүйесінде Фиат және цифрлық форматта орналастыруы қажет екендігін көрсетті. Қор криптовалюта және цифрлық активтердің барлық түрлерін қабылдай және олармен жұмыс істей алатын БҰҰ бағдарламасының құрамындағы алғашқы құрылым болды.

Қорды Celsius Network орталықтандырылмаған несиелеу платформасы басқаратыны және жобаны Fifth Element қаржылық қызмет провайдері іске қосатыны белгілі.

Осы бағдарлама аясында БҰҰ Халықаралық Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Француз бөлімшесі тоғыз криптовалютада: Bitcoin, Bitcoin Cash, Ethereum, Litecoin, XRP, EOS, Monero, Dash және Stellar қайырымдылықтарын қабылдай бастайтынын жариялады. Сонымен қатар, ЮНИСЕФ Monero цифрлық валютасын (криптовалютасын) өндіру арқылы қайырымдылық жинау үшін компьютерлердің есептеу қуатын қолданады.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта нормативтік-құқықтық актілерді қалыптастыруға негіз болған және цифрлық активті (криптовалюта) пайдалана отырып, қылмыстық әрекетке қарсы тұруға бағытталған халықаралық деңгейде базалық құжаттар жоқ.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) қазіргі экономикада цифрлық валюталарды (криптовалюталарды) цифрлық актив ретінде қолдануды қарастырғанына қарамастан, оларды қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, салық төлеуден жалтару және алаяқтық үшін пайдалануға болатындығын атап өтті. Дәл осы себепті, аталған Қордың пікірінше, цифрлік активтерді (криптовалюталарды) құқықтық реттеуге жеңіл қарамау керек, өйткені қаржы жүйелеріндегі ауқымды өзгерістер байқалады.

Сонымен қатар, цифрлық активтерді (криптовалюта) қолдана отырып, қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл саласындағы шетелдік заңнаманың дамуын зерттеу және оны құқықтық реттеу мәселелерін әлем елдерінің құқық қорғау органдарының қызметі үшін қарастыру ерекше маңызға ие екенін мойындау керек, өйткені оның таралу ауқымы мен оны пайдалану арқылы қылмыстардың өсуі дәлел болып табылады.

«Крипто ұрлығының 56 %-ы Оңтүстік Корея мен Жапония биржаларында болды. Ең үлкен жымқыру 2018 жылға келеді: Coincheck-те 532 миллион доллар; Zaif-те 60 миллион доллар; Coinrail-де 40 миллион доллар; Bithumb-те 31 миллион доллар» [22].

Интерпол және Еуропол сияқты ведомстволар өз қызметінде цифрлық активтерді (криптовалюта) пайдалану арқылы жасалған қылмыстардың

таралуына ерекше назар аударады. Еуропол өкілдерінің пікірінше, оны қылмыстық мақсатта жаппай заңсыз пайдалану қаупі бар. Бұл ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтардың цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалануын анықтауға ерекше назар аудара отырып, мұндай қылмыстарды тергеп-тексеруде ерекше тәсілді, ерекше білімді қажет етеді. Сонымен қатар, ол өз қызметінде ақпарат жинайды, адам саудасы сияқты қылмыстық әрекетті тергеп-тексеруге көмектеседі, онда ол жақында адам саудагерлері арасында ерекше танымал болды. Өйткені қылмыскерлерге цифрлық активтермен (криптовалюта) қамтамасыз етілетін анонимділік, сондай-ақ транзакциялар жүзеге асырылатын жылдамдық көмектеседі. Транзакцияларды бақылау және күдіктілерді іздеу процесін айтарлықтай баяулатады.

Мұндай қылмыстарға есірткінің заңсыз айналымы да жатады. Мысалы ретінде 2018 жылғы Еурополдың есірткі саудасының схемасын ашу жөніндегі қызметі келтірілген, онда Финляндия биржасы арқылы 8 миллион еуродан астам ақшаны жылыстату үшін криптовалюталар мен кредиттік карталар қолданылғандығы жөнінде көрсетілген. Осылайша биржаның көмегімен олар цифрлық активтер (криптовалюталар) арқылы ақшаны жылыстатудың алдын алған. Осы операцияның көмегімен 137 адамның қылмысы әшкереленген.

Осыған байланысты ведомство өкілдері Еуропол «осы өсіп келе жатқан қауіпке тиімді жауап беру үшін ЕО-ға мүше мемлекеттер мен одан тыс елдер арасындағы іс-қимылды үйлестіруді жалғастырады» деп мәлімдеді.

2018 жылдың 30 қарашасы мен 1 желтоқсаны аралығында Буэнос-Айресте (Аргентина) өткен «Үлкен жиырмалыққа» кіретін мемлекеттер өкілдерінің 13-ші кездесуінің нәтижесі болған «Үлкен жиырмалықтың» (G20) декларациясы цифрлық активтер (криптовалюта) нарығын реттеу мәселелерін қамтиды.

Сонымен қатар, құжатта «біз ақшаны жылыстатумен күресу және FATF стандарттарына сәйкес терроризмді қаржыландыруға қарсы тұру үшін криптоактивтерді реттейтін боламыз және қажет болған жағдайда басқа шараларды қарастырамыз» делінген.

«G20-ға мүше мемлекеттер жаңа индустрия туралы халықаралық пікірталас қажет» деп мәлімдеді. Бұл ретте G20 мүшелері FATF-ке мүше елдердегі криптовалюта нарықтары үшін өз стандарттарын дайындау және оларды енгізуге жәрдемдесу туралы жүгінді.

Алайда, FATF-тың пікірінше «цифрлық активтер (криптовалюталар) қылмыстық кірістерді бақылаусыз жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға ғана емес, оны басқа қылмыстар жасаған кезде де қолдануға ықпал етеді» деп санайды.

Халықаралық деңгейде 2018 жылдың қазан айында FATF қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес әдістерінің бірі ретінде мемлекеттер 2019 жылдың маусымына дейін криптовалюта биржалары мен криптовалюта әмияндарын жасаушылар

сияқты белгілі бір компанияларды лицензиялауға немесе реттеуге міндетті болады деп мәлімдеді.

Сонымен қатар, FATF жаңа цифрлық технологияларды енгізу кезінде мемлекеттерге лицензияланған қаржы институттарын жаңа технологиялық өнімдер мен іскерлік тәжірибелер енгізілгенге дейін тәуекелдерді басқару және оларды азайту үшін шаралар қабылдауға міндеттеуге шақыратын қосымша талаптар қойды. FATF-тің пікірінше, «цифрлық валютаға негізделген төлем өнімдері мен қызметтеріне ерекше назар аудару керек» [23]. Сондай-ақ, «FATF қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйелерінің сәйкестігін бағалауды жүргізу үшін» [24] әдістемелік нұсқаулық шығарды, ол 2020 жылға қарай жаңартылып, қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйелерінің техникалық сәйкестігі мен тиімділігінің критерийлері бекітілді.

Соңғы жылдары FATF жеке басын сәйкестендіру мәселелеріне бірнеше рет назар аударды. Ол 2020 жылдың 6 наурызынан бастап барлық қатысушы елдерге жіберілген «тұлғалардың цифрлық сәйкестендіру туралы» Нұсқаулық дайындады [25].

Мұның негізі жыл сайын цифрлық төлемдердің өсу фактісі (орта есеппен 12,7%-ға) және болжамалы транзакциялар саны, ол 2024 жылы 726 миллиардқа жетуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандардың барлығы киберкеңістік және қылмыстың аталған түрлеріне қарсы іс-қимыл саласындағы қолда бар құқықтық база қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келмейтінін және виртуалды активтерді (криптовалюталарды) күнделікті пайдалануда да, қылмыстарға қарсы іс-қимылда да, оның қылмыстық айналымымен де бірыңғай ойын ережелерін қабылдауға әлемдік қоғамдастықтың шоғырлануын талап ететінін айғақтайды.

Осымен бірге, цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдаланылып отырып жасалынатын қылмыстардың алдын алу үшін ең бірінші олардың айналымын реттейтін құжаттарды анықтау қажет.

Осы бойынша 2020 жылдың қаңтарында ЕО «Қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы Бесінші дерективасы» [26] күшіне енді.

Құжатпен криптовалюталарға қатысты жаңа ережелер бекітіліп, олардың платформаларына қойылатын талаптар күшейтілді. Ендігі кезекте криптовалюта биржалары, сақтау қызметін жеткізушілер және провайдерлер жергілікті реттеуші органға тіркелуге және күдікті әрекеттер туралы ақпараттар ұсынып отыруға міндеттелді.

Осындай шешім біздің пікірімізше болашақта қаржы институттарының цифрлық активтер нарығына деген сенімін арттырып, инвесторлады қарқынды дамып келе жатқан нарыққа тартуға жол береді.

Т.В. Пинкевич айтуы бойынша «Цифрлық активтердің (криптовалюталардың) құқықтық мәртебесі анықталмағанына қарамастан, оның

айналымы бүкіл Еуроодақ аумағында заңдастырылған, ол виртуалды цифрлық валютаның бір түрі ретінде Швейцария, Ұлыбритания, Германия, Швеция, Жапония және т.б. сияқты әлемнің бірқатар елдерінде жоғары танымалдылыққа ие болды» [27].

Ал қазіргі таңда, Ұлыбритания цифрлық активтермен (криптовалюталармен) байланысты жұмыстарды атқаруға ең қолайлы мемлекеттердің бірі болып саналады.

Ұлыбритания үкіметі жанындағы жұмыс тобы ауқымды баяндама жариялады, онда блокчейн технологияларын және цифрлық активтердің (криптовалюталардың) айналымын құқықтық реттеудің басым бағыттары белгіленді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары: Ұлыбританиядағы ІСО ережелерін бекіту және оны қылмыстық әрекетте пайдаланудың алдын алу мақсатында тыйым салу. Заңнамалық деңгейде криптовалютаның құқықтық мәртебесі әлі анықталған жоқ.

Ұлыбритания заңнамасында цифрлық активтердің (криптовалюталардың) айналымына қандай да бір арнайы тыйым салулар мен регламенттер жоқ. Айналымның құқықтық кедергілері цифрлық валюталардың (криптовалюталардың) айналымын шектеуге арнайы бағытталмаған. Бірақ жалпы цифрлық активтерді пайдалануға болатын қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимылға қатысты болып табылады.

Германия нормативтік деңгейде криптовалюта қатынастарын реттеумен айналысқан алғашқы Еуропалық елдердің бірі болып саналады. Дегенмен 2013 жылы Германияның қаржы министрлігі цифрлық активтер (криптовалюта) заңнамасына жауап беретін, bitcoinді ресми есеп айырысу құралы ретінде тану туралы қаулы шығарды. Алайда қаулымен bitcoin шетел валютасы немесе қолма-қол ақша ретінде танылмады.

2017 жылы жоғарыда аталған нормативтік актідегі өзгерістерді ескере отырып, bitcoin «қаржы құралы» ретінде танылып, жеке ақша мәртебесіне ие болды. Бұл цифрлік активті тек жеке тұлғалар арасындағы есептеулерде пайдалануға мүмкіндік берді. Азаматтық айналымда ол тек жеке тұлғалар арасындағы операцияларға төлем құралы ретінде қатыса алады, сондай ақ фиат валюталарына айырбасталады және азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау кезінде тауар ретінде әрекет ете алады. Салық заңнамасына сәйкес егер цифрлық активтерді (криптовалютаны) сатып алған сәттен бастап 12 ай өтпестен қайта сатып жіберетін болса, онда бұл жағдайда сату салығы есептеледі. Басқа жағдайларда барлығында цифрлық активтерді (криптовалютаны) капиталандырудың өсуі нәтижесінде алынған табысқа салық салынбайды.

Германияның қылмыстық заңнамасында цифрлық активтер (криптовалюталар) айналымы саласындағы қол сұғушылықтар үшін жауапкершілік туралы арнайы нормалар жоқ. Сонымен бірге, бұл елдің құқық қорғау жүйесі инвесторлардың құқықтарын қорғау саласында, оның ішінде криптовалюта саласында да айтарлықтай назар аударады.

Әрине, әлемдегі цифрлық активтер (криптовалюталар) кең таралған ел болып Америка Құрама Штаттары табылады. «Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) байланысты қызметті, оны реттеуді бірқатар ведомстволар жүзеге асырады» [28], соған қарамастан цифрлық активтердің (криптовалюталардың) мәртебесін біркелкі анықтау әзірленбеген. Олардың айналымы саласындағы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленбеген.

Швейцарияда, Финляндияда және Мальтада тиісті заңдар қабылданды. Қаржы активі ретінде цифрлық активтерді (криптовалюталарды) иеленуге және пайдалануға мүмкіндік беретін құқықтық база құрылды және криптовалюта бизнесінің иелері үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалды, бұл айтарлықтай инвестициялар тартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мысалы, Финляндияда криптовалюта қызметтерін жеткізушілердің, соның ішінде криптовалюта биржаларының, криптоэмиян провайдерлерінің және цифрлық валюта эмитенттерінің қызметін бақылауды реттейтін заң дайындалып, қабылданды.

Канада, Мексика, Австрия, Болгария және Францияда да осындай жағдай қалыптасуда. Сонымен қатар, Францияда сақтандыру компанияларына виртуалды цифрлық активтер негізінде сақтандыру өнімдерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Қорытындылай келе, әлемнің біршама мемлекеттерінде цифрлық активтердің (криптовалютаның) құқықтық мәртебесі бекітілмегеніне және олардың заңды төлем құралы ретінде танылмағанына, бірақ биржалық актив бола тұра, оларды төлем құралы, айырбастау және сыйға тарту құралы ретінде пайдалануға болатындығын атап өткен жөн.

Көптеген мемлекеттерде цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалана отырып немесе оларға қатысты жасалған қылмыстарға қарсы іс-қимыл және тергеп-тексеру бойынша шаралар қабылдануда. Киберкеңістік және киберқылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы қолда бар құқықтық база қазіргі заманғы талаптарға толық жауап бермейді және виртуалды активтерді (криптовалюталарды) күнделікті пайдалануда да, қылмыстарға қарсы іс-қимылда да, оның қылмыстық айналымымен де бірыңғай ойын ережелерін қабылдауға әлемдік қоғамдастықтың шоғырлануын талап етеді.

Осы тұрғыда Еуропол, Интерпол сияқты халықаралық ұйымдардың тәжірбиесін, дереу ақпарат алмасу функцияларын криптовалюталарды пайдалана отырып немесе оларға қатысты жасалған қылмыстарға қарсы іс-қимыл және тергеп-тексеру кезінде пайдалану дұрыс деп санаймыз.

2 Қазақстан Республикасында цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жетілдірудің негізгі бағыттары

2.1 Цифрлық активтер (криптовалюталар) қылмыстың мәні ретінде

Қылмыс ұғымы қылмыстық құқықтың негізгі категорияларының бірі болып табылады. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» [29] бойынша қылмыс болып жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік танылады.

Қылмыстық кодекске сәйкес адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстардың алдын-алу жөніндегі қылмыстық заңнаманың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қандай қауіпті іс-әрекеттер қылмыс деп танылатынын анықтайды.

Шынында да, «қылмыс» ұғымынсыз бүкіл қылмыстық құқық ғылымының бар екендігін елестету мүмкін емес. Себебі оның көмегімен, қандай әрекеттер заңсыз, бір іс-әрекетті қылмыс деп тану үшін қандай жағдайлар болуы керек, ал бұл іс-әрекетті жасаған адамды қылмыскер деп тану үшін қандай факторлар болуы керек, қандай қылмыстық әрекеттер қоғам үшін қауіпті, қайсысы өте қауіпті екендігі анықталады.

2014 жылғы ҚР ҚК сәйкес қылмысты анықтау ресми түрде маңызды болып табылады, себебі ол қызметтік (қылмыстық заң нормаларымен іс-әрекетке тыйым салу) және материалдық белгіні (қоғамдық қауіп) қамтиды.

Қылмыстың ресми символы осы Заңда көрсетілмеген әрекет қылмыс емес, яғни заңда тікелей көрсетілген әрекет немесе әрекетсіздік қана қылмыс болып табылады деген қағиданың заңнамалық көрінісі болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды» [29].

Қылмыстық әрекет – бұл адамның мінез-құлқының белсенді түрі. Адамның мінез-құлқының көрінісі ретінде тек белсенді (әрекет) немесе пассивті (әрекетсіздік) қылмысқа жатқызылуы мүмкін. Бұл қағида қазіргі қылмыстық құқықтың негізі болып табылады. Қылмыстық жауапкершіліктің негізі адамның белгілі бір іс-әрекетінде көрінетін қылмыстық мінез-құлық болуы мүмкін екенін және адамның қоғамға жат қасиеттерінде емес, оның

ойларында, сенімдерінде, адамның ойлары мен идеялары, егер олар адамның іс-әрекетінде жүзеге асырылмаса, қылмыс деп таныла алмайды.

Адамның іс-әрекеті табиғат күштерінің әрекетінен, жануарлардың мінез-құлқынан айырмашылығы саналы, ерікті болатындығында. Егер адам жасалған әрекеттердің мәні мен маңыздылығын түсіну мүмкіндігіне ие болса және оларда ерік пен сана білдірілсе, адам қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қылмыс, жалпы адамның мінез-құлқы сияқты, оның еркін білдіреді. Бұл адамның мінез-құлқын, атап айтқанда қылмыстық мінез-құлықты жануарлардың мінез-құлқынан ажыратады. Ерікті акт – бұл шарттарды, уақытты, орынды, жағдайды ескере отырып, адам еркін, саналы түрде жасайтын әрекет. Қылмыстық әрекеттің міндетті белгілері – сана мен ерік.

Сонымен, қылмыс деп тек әрекет, яғни белгілі бір объективті түрде көрсетілген адамның мінез-құлқы түсініледі. Іс-әрекет объективті әрекет ретінде екі форманың бірінде көрінуі мүмкін: әрекет (белсенді мінез-құлық) немесе әрекетсіздік (адамның белгілі бір әрекеттерді орындау міндетін орындамауынан тұратын пассивті мінез-құлық). Мінез-құлық қылмыстық-құқықтық мәнге ие болады, яғни ол заңда көрсетілген төрт белгінің барлығына ие болған жағдайда ғана қылмысқа айналады.

Қоғамдық қауіп-қылмыстың сапалы белгісі. Бұл белгі қылмыстың материалдық мәнін білдіреді және неге бұл немесе басқа әрекет қылмыс деп танылатынын түсіндіреді.

Қылмыстың қоғамдық қауіптілігі қылмыстың объективті қасиеті болып табылады және ол қылмыстық-құқықтық қорғау объектілеріне елеулі зиян келтіру қаупінің келтірілуінен немесе жасалуынан тұрады. Бұл жағдайда зиян физикалық, мүліктік немесе моральдық болуы мүмкін.

Қоғамдық қауіптілік қылмыстың маңызды материалдық белгісі болып табылады және оның болмауы қылмысты мойындалу мүмкіндігін жоққа шығарады. Қоғамдық қауіптілік сапалық және сандық бағалауға ие. Сапалық – бұл ең алдымен объектінің құндылығымен анықталатын қоғамдық қауіптің сипаты (адамның денсаулығына зиян келтіру криптовалютаға қол сұғудан гөрі қауіпті). Қылмыс түрлері қоғамдық қауіптің дәл осы белгісімен ерекшеленеді деп айтуға болады. Қоғамдық қауіпті сандық бағалау-бұл түрдегі жеке қылмыстардың саралану дәрежесі. Мысалы, ақша ұрлығы мен криптовалюта ұрлығы табиғаты жағынан ұқсас, бірақ қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртүрлі. Демек, қоғамдық қауіптілік дәрежесі қылмыстың салдарының мөлшеріне, мотивіне, мақсатына және басқа жағдайларына байланысты болуы мүмкін. Адам қол сұғатын объект неғұрлым құнды болса, қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесі соғұрлым жоғары болады. Қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша қылмыстық әрекет әкімшілік, тәртіптік және азаматтық-құқықтық теріс қылықтардан ерекшеленеді.

Әлеуметтік қауіптіліктің нақты дәрежесін қылмыстың барлық объективті және субъективті белгілері мен қылмысқа қатысты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар негізінде ғана анықтауға болады. Қылмыстың

объективті және субъективті белгілерінің ауырлығы қоғамдық қауіптіліктің нақты деңгейіне тікелей әсер етеді.

Қылмыстың екінші белгісі – заңсыздық, бұл Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің нормасымен тікелей тыйым салынған әрекетті ғана қылмыс деп тануға болатындығын білдіреді.

Заңсыздық деп қылмыстың тиісті қылмыстық - құқықтық нормаға тыйым салуын кінәліге жаза қолдану қаупі деп түсіну қажет. Қылмыстық заңсыздық, бір жағынан, қылмыстық әрекеттің белгілері қылмыстық құқық нормасының арнайы бөлігінде сипатталғанын білдіреді, яғни қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет қана қылмыстық болып табылады. Бұл мүлік қылмыстың басқа белгілерімен — қоғамдық қауіп пен кінәлілікпен тікелей байланысты, өйткені қылмыстық заң қоғам үшін қауіпті және қылмыстық жолмен жасалған нәрсеге ғана тыйым салады. Екінші жағынан, қылмыстық заңсыздықтың ажырамас бөлігі жазалау қаупі болып табылады, өйткені қылмыстық заңда тыйым салу оны бұзғаны үшін жазаны белгілеуді де білдіреді. Бірақ бұл, шын мәнінде, тек жазалау қаупі туралы, өйткені іс-әрекеттің нақты жазалануы, қылмыстың белгісі болмай, әрдайым жүзеге асырыла бермейді. Еліміздің қылмыстық құқығында қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату институттары бар, сондықтан кез-келген қылмыс нақты жазаланбайды (Қылмыстық кодекстің 5-бөлімі).

Бұл белгінің мәні оның тәуелсіз бола отырып, қоғамдық қауіпті көрсетудің заңды нысаны ретінде әрекет ететіндігінде, яғни рәсімделген әдістер мен құралдар арқылы қылмыстың осы негізгі белгісін қылмыстық заңға бекітеді. Қандай да бір әрекет қаншалықты қауіпті болса да, егер ол жасалған кезде қылмыстық заңда көзделмесе, оны қылмыс деп тануға болмайды. Бұл белгі қылмыстық заңнаманың ерекшеліктеріне сүйене отырып, нақты іс-әрекеттер жасауға тыйым салынатындығында немесе белгілі бір адамдарға белгілі бір міндеттемелер жүктелетіндігінде көрінеді.

Қылмыстық заңда қоғамдық қауіп кез-келген қылмыстың әлеуметтік сипатының материалдық сипаттамасы болып табылады, ал заңсыздық осы сипаттаманың құқықтық көрінісі ретінде қарастырылады. Қоғамдық қауіп пен құқық бұзушылық арасындағы байланыс заң шығарушы орган қылмыс деп санайтын нәрсені түсінудің шешуші факторы болып табылады.

Осылайша, қоғамдық қауіп пен заңсыздық екі ажырамас сипаттама болып табылады (Әлеуметтік және құқықтық) қылмыстар, олардың ешқайсысы әрекетті қылмыс және қылмыстық жаза ретінде сипаттай алмайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік қауіпті және заңсыз әрекет кінәлі болған жағдайда ғана, яғни саналы түрде жасалған жағдайда ғана "қылмыс" деп танылуы мүмкін. Әрекет жазықсыз жасалса, оның қоғамға қауіптілігі мен салдарына қарамастан, бұл қылмыс емес.

Өзінің жасына және психикалық жағдайына байланысты өзінің мінез-құлқын бағалап қана қоймай, есеп бере алатын және өз әрекеттерін басқара алатын адам ғана кінәлі деп танылуы мүмкін. Сондықтан кәмелетке

толмағандар мен есі дұрыс емес адамдардың әрекеттерін қылмыс деп тануға болмайды.

Әрекеттің қылмыстық заңсыздығы оны жасаған адам тарапынан оған белгілі бір психикалық қатынасты білдіреді. Заң сана мен ерік-жігері бар адамдарға бағытталған, сондықтан қылмыстық заңға қайшы әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) бастапқыда бұл әрекетке қасақана және абайсызда психикалық көзқарасты білдіреді. Егер әрекет жазықсыз (кездейсоқ) жасалса, онда оның қоғамдық қауіптілігіне қарамастан, оны қылмыс деп тануға болмайды, сондықтан оны жасаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қылмыстық заңға жататын барлық нәрсе қылмыс болып табылады және жаза оның қажетті атрибуты болып табылады. Жаза қылмыстың мәнін емес, табиғатын құрайды, бірақ оның қылмыскер үшін сөзсіз, қолайсыз құқықтық салдарын көрсетпейді. Біздің ойымызша, жаза-бұл заңда көзделген жазаны қолдану мүмкіндігі.

Осылайша, жаза деп нақты жазаны немесе оны белгілі бір қылмыс үшін жазалау фактісін емес, ҚК-нің белгілі бір бөлігінің нақты нормасында сипатталған іс-әрекеттің әрбір жағдайы үшін жазаны қолданудың заңмен белгіленген мүмкіндігін түсіну керек. Заң шығарушы белгілі бір әрекеттерді қылмыс деп тани отырып, оларды жасағаны үшін тиісті қылмыстық жазаларды да белгілейді. Демек, қылмыстық жаза да қылмыстың міндетті белгісі болып табылады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне» сәйкес цифрлық активтер (криптовалюталар) мүлктік игіліктер мен құқықтар (мүлік) қатарына жатқызылған.

Бұл ретте қолданыстағы заңнамалардың талаптарына сәйкес цифрлық активтер (криптовалюталар) қылмыстың заты және қылмыстың объектісі ретінде қарастырылуға жатады.

Қылмыс объектілерінің заңнамалық тізбесі ҚР ҚК 2-бабының 1-бөлігінде беріледі. Оларға адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, меншік, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі жатады.

Е. Қайыржанов атап өткендей, «Қылмыс объектісі қылмыстың мәнін неғұрлым дәл көрсетеді, оның объективті және субъективті белгілерінің мазмұнына айтарлықтай әсер етеді, қылмыстың материалдық анықтамасындағы айқындаушы белгілердің бірі болып табылады. Қылмыс объектісінің белгілері бойынша заң шығарушы қылмыстық-құқықтық нормаларды кодификациялау сияқты күрделі жұмыстарды жүргізеді» [30].

Қылмыстық құқықтың нормативтік (классикалық) мектебінің өкілдері арасында (К. Биндинг, Ж.Ортолан, Н. Таганцев) қылмыс объектісіне субъективті құқықтар мен осы нормамен қорғалатын құқық саласына кіретін

өмірлік мүддеде көрініс тапқан құқықтық нормаға қол сұғушылық ретінде көзқарас таралды.

Кез-келген қылмыс қылмыстық заңмен қорғалатын қандайда бір қатынастарға зиян келтіреді. Алайда, қылмыстар қоғам өмірінің әртүрлі салаларында жасалуы мүмкін, сондықтан мемлекет үшін мазмұны мен маңызы әртүрлі қоғамдық қатынастарға зиян келтіруі мүмкін. Бұл жағдай өте маңызды, өйткені қылмыс қаупінің сипаты, ең алдымен, ол қол сұғатын қатынастардың салыстырмалы құндылығына байланысты. Сондықтан қылмыстық құқықтың ерекше бөлігіндегі барлық қылмыстарды жіктеудің негізгі критерийі – қол сұғушылықтың жанама және тікелей объектілері.

Демек, цифрлық активтерді (криптовалюталарды) қылмыстың объектісі ретінде қарастыруға толық негіз бар, себебі отандық заңнамада олар мүліктік игіліктер мен құқықтар (мүлік) ретінде қарастырылады.

Осылайша, цифрлық активтерді (криптовалюталарды) мүлік ретінде қарастыру жағдайда қылмыстық заңды қолдану үшін толық негіз бар. Демек, криптовалютанан қолдана отырып жасалынатын қылмыстық әрекеттер - қылмыстық қызметті қаржыландыру, қылмыстық жолмен сатып алынған мүлікті заңдастыру, сондай - ақ алаяқтық, ұрлық және тағы басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті бабына сәйкес жауаптылық туындайды.

Қылмыстық құқық саласындағы криптовалютаның құқықтық табиғатын анықтау үшін оны заңды секторда да, қылмыстық секторда да пайдалану тетігін қарастыру, виртуалды валютаны қолданудан табыс табу немесе байыту тетігі қандай екенін анықтау қажет. Мұндай тәсіл криптовалютаның айрықша құқықтық ерекшеліктерін және соның салдарынан заңды экономикалық айналымды қорғаудың белгілі бір құқықтық құралдарын қолдану мүмкіндігін белгілеуге мүмкіндік береді.

Цифрлық активтерінің азаматтардың күнделікті өміріне және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне ену процесі, сондай-ақ криптовалюталарды пайдалану арқылы және оларға қатысты жасалған қылмыстардың тұрақты өсуі олардың біліктілік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіну қажеттілігін өзектендіреді.

В. Ночевнаяның пікірінше, криптовалюталарды қолдану арқылы жасалған қылмыстардың біліктілігі, жалпы алғанда, іс-әрекетті қылмыстық-құқықтық бағалаудың жалпы нұсқауларына (принциптеріне) және ережелеріне негізделген [31]. Осы зерттеу аясында аталған ережелердің әрқайсысын жеке-жеке қарастырудың мақсаты жоқ, көптеген доктриналық ұстанымдар мен мүмкін болатын құқық қолдану мәселелерін қарастырады.

А.Н. Ляскалоның пікірінше «криптовалютаны қолдануға деген айналымның кеңеюі және қылмыстық қызығушылықтың артуы құқық қолданушыны оны қылмыстың нысаны немесе құралы ретінде тануға мәжбүр етеді» [32]. Осы пікірмен келісе отырып, біз қылмыстық құқық бұзушылықтар

туралы арыздарды, хабарларды немесе баянаттарды қабылдау және тіркеу жағдайын зерттедік.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің» статистикалық мәліметтеріне сәйкес, елімізде құқық қорғау органдарымен жыл сайын шамамен 2,5 млн қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарлар, баянаттар және арыздар қаралады. Осы көрсеткіш 2021 жылда 2 357 380 болса, 2022 жылы 2 355 632, 2023 жылы 2 592 964 құраған [33].

Ал, СДТБТ ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін еліміздің құқық қорғау органдарының ақпаратты есепке алу кітабына цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалана отырып жасалған немесе оған қатысты 802 арыздар, хабарлар және баянаттар тіркелген. Олардың 170-і 2021 жылы тіркелсе, 261-і 2022 жылы, 294-і 2023 жылы тіркелген, ал ағымдағы жылдың 4 айында 77 тіркелген.

Олар бойынша келесідей шешімдер қабылданған:

- 309 СДТБТ-не тіркеу;
- 262 АЕК-на немесе СДТБТ-не қосу;
- 156 қараусыз қалдыру және номенклатуралық іске шығару;
- 55 хабарлама бойынша ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген жағдайлармен тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жіберу;
- 15 бойынша басқа негіздер болуына байланысты, әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолдау;
- 5 аумақтылығы, ведомствалығы бойынша жолдау.

Келтірілген статистикаға сүйене отырып, дүниежүзінің тәжірбиесіне қарағанда Қазақстанда криптовалюталарды пайдалана отырып жасалынатын қылмыстардың тіркелу саны өте төмен деп айтуға болады. Мұндай көрсеткіштің себебі халықтың құқықтық білімінің төмендігімен байланыстыруға болады.

Мәселен, Батыс Қазақстан облысының құқық қорғау органдарына 2024 жылы «Totalcoin» қосымшасындағы 13 300 000 теңгеге сәйкес келетін криптовалютасын белгісіз тұлғалардың ұрлағандығын, алайда нақты қалай жымқырғандығын айта алмайтындығын көрсеткен. Осы факт қараусыз қалдырылып, номенклатуралық іске шығарылған.

Бұл тұрғыда, арызданушының ісінде цифрлық активтермен толық таныс емес екендігі байқалады. Құқық қорғау практикасында көп жағдайларда цифрлық активтерді пайдалана отырып жасалынатын қылмыстарды азаматтық құқықтық қатыстар қатарына жатқызу деректері орын алуда.

Сол себепті құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында цифрлық активтердің түсінігі мен оның мәнін кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Сонымен қоса, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен ағымдағы жылдың өзінде криптовалюталарға қатысты не оларды пайдалана

отырып жасалынатын қылмыстар туралы СДТБТ-не 30 факті тіркелген, олардың көпшілігі алаяқтық, ұрлық және заңсыз кәсіпкерлік.

Егер жоғарыда келтірілген статистикаға назар аударатын болсақ цифрлық активтерді (криптовалюталарды) пайдалана отырып жасалған қылмыс фактісі туралы түскен арыздар көбіне номенклатуралық іске шығарылады.

Мұндай практиканың бірден бір себебі, криптовалютаны пайдалана отырып жасалатын қылмыстардың дұрыс сараланбауы болып табылады. Аталған қылмыстарды ҚК тиісті бабымен саралау үшін, бірінші криптовалютаның жасалған қылмыста атқаратын рөлін анықтау керек. Қылмыстарды дұрыс саралау қылмыстық жауапкершілікті дараландырудың және тиісінше әділ қылмыстық жаза тағайындаудың маңызды алғышарты болып табылады.

Қазіргі таңда, ғылыми әдебиеттерде криптовалютаны пайдалана отырып жасалатын қылмыстар (негізінен тауарлар мен қызметтердің заңсыз айналымымен байланысты), сондай-ақ оны заңсыз иемденумен жасалған қылмыстар криптоқылмыстар деп, ал олардың жиынтығы криптоқылмыстылық деп аталатын болды.

Мәселен, С.В. Иванцовтың айтуы бойынша «криптоқылмыс деп виртуалды валютаға қатысты немесе оны пайдалану арқылы жасалған бірыңғай жүйелік қасиеттерге ие әрекеттер жиынтығы болып табылады». Біздің пікірімізше криптовалютамен байланысты құбылыстар институттандыру сатысында болғандықтан, бұл терминді қолдану шартты деп санаймыз [34].

3.3. Маздогова мен М.Х. Шигалугова өз еңбектерінде «криптовалюта қылмысы қылмыстық қол сұғушылықтың жаңа түріне жатады, өйткені ол жақында пайда болды және заманауи ақпараттық технологияларды қолданумен байланысты. Бұл саладағы қылмыскерлер елдің белгіленген экономикалық тәртібін бұзады, ақпараттық қызметке араласады. Осыған байланысты крипто қылмысы тек қаржы саласына қатысты деген қате болады» деп көрсетеді [35].

Авторлармен келісе отырып, криминологиялық тұрғыдан алғанда, криптоқылмыс қылмыстық құқық шеңберінде қоғамға қауіп тудыратын құбылыс деп атауға болады.

Отандық сот және тергеп-тексеру органдарының материалдарын зерделеу цифрлық активтерді (криптовалюталарды) қандай да бір нысанда пайдаланумен байланысты жасалған қылмыстарды негізгі екі топқа бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- криптовалюта қылмысты жасау құралы ретінде орын алған қылмыстар (террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру, тыйым салынған тауарларды, контентті немесе қызметтерді заңсыз сату, парақорлық және тағы басқа қылмыстар);

- криптовалюта қол сұғушылық нысаны ретінде орын алған қылмыстар (ұрлық, алаяқтық, заңсыз кәсіпкерлік, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу және тағы басқалар);

Жалпы алғанда, криптовалюта пайдаланып жасалынатын қылмыстардың негізі олардың қоғамдық қауіптілігінде, адамдар мен азаматтардың, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуында.

Қазақстан Республикасында цифрлық активтердің (криптовалюталардың) заңдастырылуына байланысты, олардың айналымы тек лицензияланған цифрлық активтер биржасы арқылы ғана сатылуы және сатып алуына жол беріледі. Соған байланысты қазіргі таңда криптовалюталарды айырбастау бойынша заңсыз кәсіпкерлік қызметі саласында қылмыстар көптеп орын алууда.

Егер қылмыстық қудалау органдарының статистикалық деректеріне назар аударатын болсақ, 2023 жылдың өзінде криптовалюталарды айырбастау бойынша заңсыз кәсіпкерлік қызметі саласында 10 іс СДТБТ тіркелген, оның ішінде:

- 2 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шыққан;
- ҚР ҚПК 302-бабы тәртібімен 7 іс сотқа жолдаған;
- 1 іс өндірісте болған.

Осы қылмыстық істерді тергеу кезінде 341,6 АҚШ доллары және 15 млн теңге тәркіленген.

Сонымен қатар, Binance крипто биржасында 103,1 АҚШ доллары және 1 млрд. теңге сомасына 5 әмиянға тыйым салынып, 3 суық әмиян тәркіленді.

Талдау негізінде біз цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмысқа келесідей ұғымды ұсынамыз, «Цифрлық активтермен (криптовалюталармен) жасалған қылмыс (криптоқылмыс) – бұл цифрлық активтерге (криптовалюталарға) қатысты немесе оны пайдалану арқылы жасалуы мүмкін қылмыстық заңмен қудаланатын кез келген іс әрекет».

2.2 Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді – цифрлық активтерді (криптовалюталарды) алуды, сақтауды құқықтық реттеу мәселелері

Жоғарыда көрсетілгендей цифрлық активтер, яғни криптовалюталар Қазақстан Республикасында мүліктік игіліктер мен құқықтар (мүлік) ретінде қарастырылады. Олар криптоәмияндарда сақталады.

Криптоәмияндарда кәдімгі әмиянның цифрлық аналогы сияқты. Ол Bitcoin, Ethereum немесе басқа цифрлық активтер сияқты криптовалюта пайдалануға, жіберуге және алуға мүмкіндік береді. Кәдімгі әмиянда қолма-қол ақша мен карталар сияқты, криптоәмиянда сіздің цифрлық монеталарыңыз бен токеныңіз бар. Маңыздысы, криптовалюта тек блокчейнде болады, ал әмиян олармен өзара әрекеттесудің қауіпсіз әдісін ұсынады.

Әмияндар қаражатты басқаруға (жіберуге, алуға), қаражат алу үшін шексіз жаңа мекенжайлар құруға мүмкіндік береді, сонымен қатар валюта айырбастау сияқты қосымша мүмкіндіктерге ие болуы мүмкін.

Криптоәмияндарының бірнеше түрі бар.

Сақтау әдісі бойынша олар суық (интернет байланысы жоқ) және ыстық (интернет байланысы бар) болып бөлінеді.

Компьютерге, телефонға, планшетке арнайы бағдарламалық жасақтаманы орнату арқылы, веб-сайтта онлайн криптоэмиян жасауға болады .

Жеке кілт пен мекенжай құруға арналған аппараттық құрылғылар мен қағаз әмияндар бар, бұл әдістер суық сақтауға жатады.

Ең алдымен, криптовалюта транзакциялардың қауіпсіздігі мен анонимділігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын түсіну керек, оны еркін айырбастауға, тауарлар мен қызметтерді сатып алуға, екінші деңгейлі банктерде кез келген валюталық шот арқылы айырбастауға және қолма-қол ақшаға айналдыруға болады.

Ол қолданушылар арасында танымал бола бастады, бірақ сонымен бірге қылмыскерлердің назарын аударады, өйткені оны ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру және басқа да қылмыстар сияқты заңсыз мақсаттарда қолдануға мүмкіншілігі көп.

Құқықтық тұрғыда цифрлық активтерді (криптовалюталарды) қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдеме ретінде алу мен оларды сақтауда, басқа дәлелдемелерден айырмашылығы жоқ. Дегенімен криптовалюталарды алу мен сақтау кезінде олардың техникаға тәуелділігін, анонимділік, техникалық күрделілігін, жаһандық табиғатын, тексерудің қиындығын және өзгергіштігін ескерген жөн.

Алу - бұл іс үшін маңызы бар белгілі бір заттарды немесе құжаттарды алуға бағытталған ажырамас тергеу әрекеті.

Алу тәртібі, тінту сияқты ҚР ҚПК-нің 31-тарауымен реттелген.

Сондықтан мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттарды, оларда бар ақпаратты алу туралы қаулыны тергеу судьясы санкциялауға тиіс (254-бап 1-бөлігі).

Алу кезінде тінту кезіндегідей адамдар тобы болады. Іздеуге қатысты негізгі ұсыныстар ойықты дайындауда сәтті қолданылуы мүмкін. Алайда, криптовалюталарға байланысты қылмыстық істерді тергеу барысында виртуалды ақпаратты тінту мен алу жүргізуге бағытталған тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде өзіндік ерекшеліктері болады.

